

**«Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж. жалпы білім беретін мектеп»КММ**  
**2023-2024 оқу жылында тәрбие саласы бойынша атқарылған**  
**жұмыстардың есебі**

**1. «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы.**


Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінде қысқы каникул жоспарына сәйкес ,балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында 5-10 сынып оқушыларының қатысуымен “ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ”тақырыбында ұлттық тоғыз құмалақ ойыны, шахмат және үстел теннисі өткізілді.

Мақсаты:Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, қазақ халқының ұлттық ойыны тоғыз құмалақ туралы, срнимен қатар шахмат ойыны мен үстел теннисі туралы және

оның ойнау ережелерін,қағидасын,ойнау заңдылықтарын,ұстанымдарын адамның ақыл ойына әсерін түсіндіру.



2. «Зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 8-10 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиынға директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Патима Исабекова, мектеп психологы С.Джусупова мен арнайы мамандар қатысып, түрлі мағлұматтар берді.



### 3. Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты білім беретін мектебінің

9-сынып оқушыларының ата-аналарына Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес мектеп психологы С.Джусупова және сынып жетекшілері Айгул Молдабек пен Ақмарал Мауленханова «Зорлық-зомбылықтан қорғау - ардың ісі» тақырыбында сабақ жүргізді. Сабақ барысында ата-аналарға өз балаларының мінез-құлық ерекшеліктерін және жеке басын жақсы түсінуге көмектесетін жағдаяттық ойындар өткізілді.



### 4. "Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" КММ

#### АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ


Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзіреттерін дамытуда ата-

аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, жауапкершілігін арттыру мақсатында 4 ә сынып жетекшісі Гүлмайра Мұстафаева мен ата-аналары және мектебіміздің психологы: Салтанат Джусупованың ұйымдастыруымен "Ата-аналар өмірінің басты мақсаты - бақытты адам тәрбиелеу" тақырыбында адамгершілік құндылықтар негізінде ата-аналарына педагогикалық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. ата-аналарды отбасында оқушы үшін психологиялық қолайлы орта құруға ынталандыру;
2. баланың мектепке бейімделуінің мәні мен ерекшеліктерімен таныстыру;
3. бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларының ерекшеліктерімен таныстыру
4. баланың танымдық дағдыларын дамыту үшін диагностиканы, тренингтерді, жаттығуларды практикада қолдану дағдыларын дамыту.



#### 5. БАЛАҒА МЕЙІРІМ СЫЙЛА! 06.12.2023

◆ Мектебімізде "Балаға мейірім сыйла" атты акция ұйымдастырылды. Акция барысында «Көңілді жүрейік!», «Ізгі тілек» ойыны ойнатылып, оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлау мақсатында топтық жұмыстар орындалды.

Мақсаты:

◆ Оқушыларға балдырған балалық шақтың маңызын түсіндіру.


◆ Жас жеткіншектерді ұлттық рухта тәрбиелей отырып, адамгершілік, инабаттылық сезімін ояту.

◆ Балалардың «мейірімділік», «қамқорлық» қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту.




6. Мектебіміздегі "Жас сарбаздар" үйірмесінен көрініс. 02.12.2023

Жетекшісі: АӘД пәні мұғалімі Б.Абуов



7. БІЗ НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ! 02.12.2023

Мектебімізде 1 -желтоқсан Халықаралық ЖИТС- ке қарсы күрес күніне орай «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» тақырыбында жоғары сынып оқушылары арасында спорттық шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету. Ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру. Оқушыларды адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу.



8. 2/02/2023 Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен "Шебер отбасы" тақырыбында 3-4-5-6 сынып оқушылары мен олардың ата-аналарымен сайыс түріндегі іс-шара ұйымдастырылды.

✓ **Мақсаты:** ата-ана мен мектеп, ұстаз арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Исабекова "Біртұтас тәрбие, оның құндылықтары, ата-аналарды қолдау орталығы туралы ата-аналарға ақпарат берді. Шебер әдіс-тәсілдер арқылы баланың басты ұстазы ата-ана екенін ашып көрсетті. Ата-аналар белсене қатысып, таныстыру және қолөнер кезеңдерін видеоролик арқылы көрсетті. Іс-шара соңында бас жүлдені 4-е сынып оқушысы Өтепбай Нұржігіт пен оның әжесі Ляззат апай иеленді



9. 29-30. 11.2023ж. Мектеп директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Гүлзира Елғонованың ұйымдастыруымен 5,6-сынып оқушылар арасында мектепішілік пәндік олимпиадасы және 7,8-сынып оқушылары арасында мектепішілік жасөспірімдер пәндік олимпиадасы болып өтті. Бұл кезеңнен өткен оқушылар аудандық кезеңге жолдама алды. Оқушыларымызға сәттілік! .



10. БАСТАУЫШ СЫНЫП БІРЛЕСТІГІНІҢ

"БІЛІМ БАСТАУЫ - БАСТАУЫШТА" АТТЫ АПТАЛЫҒЫ

✓Ы.Алтынсарина атындағы шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде, **20.11-27.11 қараша аралығында** «Білім бастауы - бастауышта» тақырыбында бастауыш сынып апталығы өтті.

✓Апталықтың мақсаты: Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін арттыру, Талантты оқушыларды айқындау; Жауапкершілікке, ұжымдылыққа тәрбиелеу; Адамгершілікпен эстетикалық қатынасқа көңіл бөлу.

✓Міндеттері: оқушылардың ойлау көрсеткіші қызметінің заңдылықтарын ескере отырып, оқушының жеке даралық қабілеттерін арттыру, нені есте сақтау керек соған бағыттау; Оқушылардың қызығушылықтарын арттыра отырып, өз-өзін ұстау және көпшілік алдында ұстау мәдениетін дағдыландыру;

✓Апталық кезінде өткізілетін ашық сабақтар мен іс-шаралардың жоспары құрылып мектеп директорымен бекітілді. Апталық барысында ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ, Ержігітова Гүлмира "Дүниетану" пәнінен 2-сыныпқа "Біздің сынып", Кулайша Сабинова "Математика" пәнінен 2-сыныпқа "Құрама есептердің әртүрлі әдіспен шығарылуы", Мамбетов Бейбітхан "Математика" пәнінен 1-сыныпқа "10 санынан азайту", Момбекова Гүлзипа "Әдебиеттік оқу" пәнінен 3-сыныпқа "Бақыт құсы" атты ашық сабақтары мен Бағжан Шәкір мектепалды даярлық сыныбына "Алтын күз" атты ашық тәрбие сағатын өткізді.



11. 15 қараша – Ұлттық валюта күні: теңгенің қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл толды

Ұлттық валюта — Теңге күнімен және Қазақстан Республикасы қаржы органдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!


"Ұлттық валюта" күніне орай мектебімізде сыныптар арасында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, "Ұлттық валюта-теңге" тақырыбында 1-2 сынып, "Теңге тәуелсіздік келбеті" тақырыбы 3-4 сынып, "Ұлттық теңге-ұлт мақтанышы" тақырыбы 5-6 сынып, "Ұлттық валюта-төл теңге" 7-8 сынып, "Теңге Қазақстанның үміті мен өмірімің символы" 9-10 сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өтілді. Ұлттық теңгеміздің тәуелсіздікті нығайтуға көп әсері тигізгені, сондай-ақ әлемдік банкноттар арасында ең үздік деп танылғаны да белгілі. Сондықтан да ұлттық теңгеміз туралы мәліметтер білім алушылардың білім-танымын көтеру үшін ғана емес, сонымен бірге ұлттық сана-сезімі мен Отанына деген құрметін арттыру үшін де пайдалы болды деп есептейміз.



12. Сауран ауданы білім бөліміне қарасты «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 10 қараша күні жоғарғы сынып оқушыларымен Сауран ауданының ақсақалдар алқасының төрағасы Балтабай Жарылқасыновпен кездесу болып өтті.

Мақсаты: халқымыз ежелден табиғатында үлкенді сыйлау, ақыл-кеңесін тыңдау, дәстүрін, мәдениеті мен құндылықтарын сақтау, дамыту ортақ парызымыз екенін, жас ұрпаққа дәріптеу. Атамыз- оқушыларға қазіргі уақытта жасөспірімдер арасында болып жатқан қылмыстар, ұялы телефонның керексіз сайттардағы балаларға жағымсыз заттардан аулақ болуды айтып өтті және оқушыларға бірнеше сұрақтар қойып, оқушылардың ой пікірлерін тыңдады. Біздің еліміз көп ұлтты мемлекет. Барлығымыз тату-тәтті, бірлікте, достықта, адамгершілігі мол азамат-азаматшалар болып өсуіміз керек. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын айтты.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Исабекова «Зорлық зомбылықтың алдын алу» бойынша оқушыларға бейнебаян көрсетіліп, насихаттау жұмыстарын жүргізді.



13. « Күз аруы - 2023» сайысына қатысушылардың арасынан күз ханшайымын анықтау. Оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін бақылау, сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру.

Ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге, табиғатты сүюге тәрбиелеу мақсатында мектебімізде 14 -қараша күні 6-9 сыныптар аралығында " Сыбдыры сұлу алтын күз" атты " Күз аруы-2023" байқауы өткізілді. Байқаудың бағдарламасы

1. Кел танысайық (өздерін таныстыруы)
2. Үй тапсырмасы (менің арманымдағы күзгі бақ)
3. Күз аруының өнері. (өз өнерін көрсету)
4. Кім ойға жүйрік (сұрақ -жауап)
5. Анам және мен (анасымен бірлесіп салат түрін дайындау)
6. Әсем біздің арулар. (күзгі сән үлгісі)

Бас жүлдені 7ә -сынып оқушысы Отарбай Гүлсезім,

1-орынмен 8а-сынып оқушысы Балтабай Марал

2-орынмен 7 а -сынып оқушысы Асқар Ақсезім,

3-орынмен 9 а -сынып оқушысы Адешова Ағила дипломдармен марапатталды.





14. 18.11.2023 "Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" КММ-нің ұйымдастыруымен "ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ, ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ, ӘЛІМЖЕТТІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ" МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР МЕН ОҚУШЫЛАР қатысуымен жиналыс өтті

◆ Жиналысқа Сауран ауданы АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны А.Кулмагамбетова және полиция лейтенанты Гүлбану Жабаева келіп қатысты

- ◆ Шараның мақсаты жастар мен жасөспірімдер арасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу және одан шығу жолдарымен таныстыру, отбасы құндылықтарын насихаттау. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қалыпты қарым-қатынасты нығайту.



15. 10.11.2023 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде ағымдағы 2023жылында жол көлік жарақатының алдын алу іс шаралар жоспары құрылып өз кезегінде атқарылуда. Осы жоспар аясында бастауыш сынып білімалушылары арасында

балаларға арнап «Жолда жүру ережесі» тақырыбында оқу іс-әрекеттері және түрлі шаралар АЭД пәнінің жетекшісі Б.Абуов пен сынып жетекшілер ішкі істер қызметкерлерімен біріге отырып ұйымдастырылып өткізілді. Сондықтан әрбір бала «Жолда жүру ережесін дұрыс түсініп, сақтаған дұрыс.

**Жол ережесін білу – қауіпсіздік кепілі**

Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер. Жолда жүру ережесі дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Сондай-ақ оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру, сақтыққа тәрбиелеу, жол қауіпсіздік ережелері, жол белгілері туралы түсінік қалыптастыру үнемі жүргізілу қажет



16. Сауран ауданы білім бөліміне қарасты "Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» КММ- сінде «Әкелер мектебі» нің жылдық жоспары негізінде, 2023 жылдың 2 қараша күні 5-9 сынып оқушылары мен әкелері арасында «Әке мен бала» атындағы шахмат ойыны жарысы ұйымдастырылды. Мақсаты: мектеп пен ата-ана байланысын күшейту, отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.




17. Мейірімділік — адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді.

♥ Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат-шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады.

♥ “Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады” (Шәкерім).

♣ Ы.Алтынсарин атындағы ШЖББМ 26.10 күні “Мейірімді жүрек” акциясы ұйымдастырылды. Оқушыларға мейірімділік туралы сөздер айтылып, оны жалғастыру ұсынылды. Оқушылар мейірімділік туралы біраз мазмұнды ойлар айтылды. Егер жер бетінде барлық адамдар бір-біріне мейірімді болып, толерантты қарым-қатынас қалыптастырса, ешкімнің ала жібін аттамаса, қорлық пен зорлық-зомбылық көрсетпесе жер бетін тек жақсылық жайламаса еді...

Өткізгендер: әлеуметтік педагог - Досыбаева Қ. пен мектеп кітапханашысы Молдабек А.



## 18. АРДАГЕР ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ!

Мұғалім - мамандық, ұстаздық - қасиет. Яғни, ұстаз болу - адам бойындағы ұлы қасиеттердің бірі. Ендеше, осынау үлкен ұғымдағы ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған, ұстаздарға қандай мақтау, мадақ айтсақ та артықтық етпейді.

Халық санасын оятып, ағартушылық еткен жан - қай кезде де мәртебелі саналатыны тарихтан белгілі. Әлемді билеген патша, дүниежүзілік ғылымда теңдессіз жаңалық ашқан ғұлама ғалым, ел басқарған басшы мен қайраткерлігімен танылған еңбек адамы болсын мұғалімнің алдын көрген. Сондықтан, дана Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» - дегеніндей, жер бетіндегі әрбір адам баласының жүрегінде ата-анасының тәрбиесінен кем емес тәлім-тәрбие, білім нәрімен сусындатқан ұстаздары өмір бойы сақталары сөзсіз.

Бүгін мектебіміздің акт залында “Қазақстандық оқу – ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы” қоғамдық бірлестігінің ұсынысымен білім саласының дамуына елеулі үлес қосқан ардагер ұстаздарды Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың ұлттық мереке - Республика күніне орай зейнеткер ұстаздарға жолдаған Алғыс хатын марапаттау рәсімі өтті.

Іс-шарада сөз сөйлеген облыстық кәсіподақ төрағасы Шайдулла Жандос ардагер ұстаздарды 25 қазан - Республика күні мерекесімен құттықтап, оқу ағарту министрі жолдаған Алғыс хатты оқып табыстады

Жиынға келген ұстаздардың Алғысын есту, жүздеріндегі қуанышты көру біз үшін бақыт.

«Министрге рахмет! Біз зейнеткер ұстаздарды елеусіз қалдырмай құттықтағаны үшін», - деп өз алғыстарын білдіріп, марапат алғандардың қуаныштарында шек болмады.

Құрметті Ұстаздар!

Баршаларыңыздың дендеріңізге саулық отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілейміз! Білім беру ісіне қосқан үлестеріңіз еселене берсін!

Марапаттарыңыз құтты болсын!



19. 02/11/2023 "Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі"эссе жазу

✓ Оқушылардың күзгі демалысын тиімді пайдалану мақсатында 7-9 -сыныптары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жетекшісі Үрзия Инкаръекованың ұйымдастыруымен «Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай "Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі" тақырыбында эссе жазылды.



✓ Қожа Ахмет Ясауидің ілімі ұсынылатын ізгілікті ойлар туралы білім беру арқылы оқушылардың Қожа Ахмет Ясауи еңбегіндегі дүниетанымдық философиялық

тағылымдарын саралауына бағыт беру, ойшылдар еңбегін оқып-үйрену мен олардың мұраларына құрмет сезімдерін қалыптастыру және адамгершілікке тәрбиелеу болды.




20. Күзгі демалыс уақытында мектебімізде “Отбасылық дәстүрлер мен мерекелері” тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Мақсаты: Халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу. Соның бірі отбасының басты қызығы, алтын тіреу дiңгегі-бала. Бала туылғаннан кейін баланы бесікке бөлеуден бастап, өскенге дейінгі салт-дәстүрлерді дәріптеу.



21. Мектебімізде оқушылардың күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес 30 қазан күні директордың бейіндік оқыту істері жөніндегі орынбасары Г.Елғонова оқушылар және олардың ата-аналарымен бірлесіп ғылыми жоба жұмыстарының мазмұны бойынша ақпараттық - танымдық семинар тренинг өткізді.



## 22. ІЗГІЛІККЕ ҚАЛАМ ТАРТҚАН ЖАС ҒҰМЫР

◆ 31 қазан күні күзгі каникул жоспарына сәйкес мектеп кітапханашысы Айгул Молдабек ұйымдастыруымен танымдық бағытта іс шара өткізілді.


✓ Мақсаты;

✓ Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру әрі оқыған кітаптарын талдай білуге дағдыландыру болмақ.

◆ Іс шарада оқушылар оқыған шығармалардың мазмұнын таныстырып, өзара пікір алмасты.




23. «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 23 қазан күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қазан айындағы жоспар бойынша бірыңғай Әнұран орындау іс-шарасы өткізілді. Мемлекеттік рәміздер-Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы. Халқымыздың рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілер.



24. 11/10/2023

Жетістікке жеткен мектеп түлектерімен кездесу кеші.

Мақсаты: мамандық тандау кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беріп, тандау мүмкіндіктерін шешу. Адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылар ұстаздармен сұхбаттасып өздеріне жауап ала алды. Мамандыққа байланысты жұмбақтар жасырылып, ойындар ойнатылды. Видеоролик көрсетілді



## 25. ЖАС ӨСПІРІМДЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ТЕРІС АҒЫМДАРДЫҢ ЫҚПАЛЫН АЛДЫН АЛУ


Бүгін Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде жас өспірімдер мен жастардың арасындағы теріс ағымдардың ықпалын алдын алу тақырыбында жиналыс өтілді. Жиналысқа Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы Жанболат Сайлау, Түркістан облысы дін істері басқармасы "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ теолог маманы Жалғас Жорабек, облыстық "Қоғамдық келісім" КММ-нің аудандық филиалының маманы Нұрсұлтан Оспанов, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің теолог маманы Диана Ажибай қатысты. 7-11 сынып оқушыларына 2023-2024 оқу жылында оқушылардың сабаққа қатысуы, теріс ағымдағы, діни ұйымдар туралы, жастар мен жасөспірімдер арасындағы жаман әрекеттерге бой алдырмаушылық және ағымдағы мәселелер талданды.



26. 1- қазан 2023 қарттар күніне орай мектебіміздің "Өзін-өзі басқару" ұйымының қатысуымен "Өнегелі өмір" атты акциясын өткізді. Бұл акция осыдан бірнеше жыл бұрын ардагерлер ұйымының бастамасымен шыққан еді, содан бері ауылымыздағы жалғыз басты Рахия әженің үйіне барып жоғарғы сынып оқушылары тазалық жұмыстарына көмектесіп, өнерлі оқушыларымыз ән күйлерін айтып көңілін көтеріп қайтты.



27. 28.09.2023 «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Адалдық сағаты» атты республикалық бірыңғай сынып сағаты 1-11 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері, педагогтар мен ата-аналар арасында ашық тәрбие сағаттары болып өтті. Барлық сыныптың мұғалімдері, ата-аналары, оқушылары белсенділік танытты. Отбасылық дәстүр, туыстар арасындағы қарым-қатынас, және достар арасындағы қарым-қатынас жайында пікір алмасулар болды. Әрбір сыныпта болып өткен тәрбие сағатта барлық оқушылар, ата-ана, оқушылар жақсы тәрбиелік, мағыналық, рухани азықпен сусындады.




28. «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 27 қыркүйек күні ата-аналар жиналысы болып өтті.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту, ұйымшылдықпен тәртіптіліктің тиімді жолдарын үйрету, жауапкершілікті арттыра отырып адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа баулу



29. Қазақстан Халқы Ассамблеясының "Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму" тақырыбымен өткен XXXII сессиясы хаттамасының 4.10-тармақтарында көрсетілген тапсырмаларды орындау мақсатында мектебімізде 26 қыркүйек күні Аналар алқасының мүшесі қатысуымен " Менің отаным - менің отбасым" атты тәрбие сағаты өткізілді.



30. 21.09.2023 мектебімізде " Біздің денсаулығымыз өз қолымызда" атты ұранмен 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен мектепшілік денсаулық күніне спорттық іс-шара өткізілді.

Мақсаты салауатты өмір салтын қалыптастыру оқушылар арасында достықты нығайту. Жеңіске жеткен сынып мақтау қағаздарымен марапатталды

